

3-апта. Құстар – біздің досымыз				
Денсаулық Денешынықтыру	Коммуникация Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет	Таным Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Жаратылыстану Құрастыру	Шығармашылық Сурет салу Музыка	
Дене шынықтыру 1. «Жүгіру. Лақтыру». Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және аланның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Допты екі қолмен жоғарыға лақтыру. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу.	Сөйлеуді дамыту «Үй құстары» Құстар туралы түсініктерін кеңейту, үй құстарын топтастыру, олардың өздеріне тән ерекшеліктерін атай білуге үйрету.	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру «Ұзын - қысқа.» Екі қарама-қарсы заттарды ұзындығы бойынша салыстыруды жетілдіру.	Сурет салу «Балапандар көк шалғында» Дөңгелек пішіндерді салуды жетілдіру, балапанның суретін саусақпен салуды үйрету.	
2.Қол ұстасып жүру. «Нысанға лақтыру». Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және аланның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу. Допты көлденең нысанға лақтыру	Көркем әдебиет Түлкі мен тырна» Құстар туралы түсініктерін кеңейту. тақырыпқа сәйкес өткен таныс шығарманы суреттерден тануға, оның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Құрастыру «Кішкене құстың ұясы». Ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыруды жетілдіру, олардан құстың ұясын жасауға үйрету	Музыка «Ғажайып әуендер» Екі бөлімді музыканың тыңдап, олардың бөліміндегі өзгерістерді байқауға, әнді ширақ айтуға, музыканың көңілді жеңіл сипатын кимылімен беруге үйрету.	
2. «Еңбектеу» Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және аланның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Допты көлденең нысанға лақтыру. Бөрененің үстімен еңбектеу.		Жаратылыстану «Құстар ауласында» Үй құстары туралы балапандың білімдерін кеңейту: ағаш, тауық. балапан олардың ерекшеліктерін бақылау (немен қоректенеді, қалай бакылдайды, қандай дыбыстар шығарады, ересектердің үй құстарына күтім жасауы туралы).	Музыка «Құстар сайрайды» Музыкалық шығарманың жанрын ажырата білуге, әнді нақышына келтіріп орындай білуге, кимыл қарқынын өзгерте отырып кимылдауға үйрету..	